

Ф.А. Абдримова ^{1*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІН КЛАКС-ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Педагогикалық үрдісте болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып саналады. Себебі жаңашылдыққа деген белсенділік, іс-әрекетті меңгеруге деген талпыныс, инновациялық технологияларды саралап, қолдану қабілеті инновациялық іс-әрекеттің негізін құрайды. Мақалада инновациялық іс-әрекет ұғымын зерттеген отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдаулар жасалып, болашақ педагогтің инновациялық іс-әрекетке дайындау мәселесі, дайындық талаптары, оны ұйымдастырудың негізгі бағыттары қарастырылған.

Сонымен қатар, мақалада инновациялық бағыттардың бірі болып табылатын, Батыс Еуропада кеңінен танымал, бірақ қазақстандық педагогикада әлі қарастырылмаған «клас-педагогика» (Klax-Pädagogik) заманауи білім беру бағыты туралы да айтылады. Клас-педагогика – бұл жеке адамға бағытталған және оны дамыту мен білім беруде қолдайтын құзыреттілікке бағытталған ғылым саласы. Ол даму және оқыту үрдісінде қажет құзыреттерді сипаттай отырып, жеке үздіксіз оқу жоспарына сүйенеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудағы клас-педагогиканың ерекшеліктері мен негізгі қағидаларын көрсету.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі, инновациялық үдеріс, инновациялық іс-әрекет, Клас-педагогика.

Abdrimova F. ^{1}*

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PREPARATION FOR INNOVATIVE ACTIVITY OF TEACHERS OF PRESCHOOL ORGANIZATIONS ON THE BASIS OF KLAX PEDAGOGY

Abstract

The formation of innovative activity of teachers of future preschool organizations in the pedagogical process is an urgent problem of the modern education system. Because the activity in innovation, the desire to master the activity, the ability to differentiate and apply innovative technologies form the basis of innovation. The article provides a theoretical analysis of the works of domestic and Russian scientists who have studied the concept of innovation activity, the problem of preparing a future teacher for innovation activity, training requirements, and the main directions of its organization are considered.

The article also talks about the modern educational direction "Klax-pedagogy" (Klax-Pädagogik), which is one of the innovative directions widely known in Western Europe, but not yet considered in Kazakh pedagogy. Klax-pedagogy is a field of science focused on competence, focused on a person and supporting him in development and education. It is based on an individual continuous curriculum, describing the competencies needed in the process of development and learning. The main purpose of the study is to show the features and basic principles of klax pedagogy in the formation of innovative activity of future teachers of preschool organizations.

Keywords: preschool education, future teacher of the preschool organization, innovative process, innovative activity, Klax pedagogy.

Абдримова Ф.А.^{1*}

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПОДГОТОВКА К ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИЙ НА ОСНОВЕ КЛАКС-ПЕДАГОГИКИ

Аннотация

Формирование инновационной деятельности педагогов будущих дошкольных организаций в педагогическом процессе является актуальной проблемой современной системы образования. Потому что активность в инновациях, стремление к овладению деятельностью, умение дифференцировать и применять инновационные технологии составляют основу инновационной деятельности. В статье проведен теоретический анализ работ отечественных и российских ученых, изучавших понятие инновационной деятельности, рассмотрены проблема подготовки будущего педагога к инновационной деятельности, требования к подготовке, основные направления ее организации.

В статье также говорится о современном образовательном направлении «класк-педагогика» (Klax-Pädagogik), которое является одним из инновационных направлений, широко известным в Западной Европе, но еще не рассмотренным в казахстанской педагогике. Класк-педагогика – это область науки, ориентированная на компетентность, ориентированная на человека и поддерживающая его в развитии и образовании. Он опирается на индивидуальную непрерывную учебную программу, описывая компетенции, необходимые в процессе развития и обучения.

Основная цель исследования – показать особенности и основные принципы класк-педагогика в формировании инновационной деятельности будущих педагогов дошкольных организаций.

Ключевые слова: дошкольное образование, будущий педагог дошкольной организации, инновационный процесс, инновационная деятельность, Класк-педагогика.

Негізгі ережелер. Зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық ғылыми еңбектер негізге алынды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселелері және класк-педагогикасы, оның қағидалары қарастырылды. Педагогикалық мамандарды даярлау жүйесінде іс-әрекетке деген көзқарасты ескере отырып, тұлғаны дамыту ұстанымын жетекші нұсқаулық ретінде бөліп көрсету қажет, бұл білім беру ұйымдарының шығармашылық, инновациялық педагогикалық қызметке дайындығын ескере отырып, өз қызметтерін кәсіби түрде орындайтын бірегей мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Инновациялық іс-әрекет – мұғалімнің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісіне, өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесінде байланысты енгізілуі. Инновациялық іс-әрекетті мұғалімді кәсіби шеберлікке, сол арқылы жаңа жетістіктерге жетелейтін, тиімді нәтижелерге қолын жеткізетін сапалы әрекет деп бағалауға болады.

Мақалада мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инновациялық іс-әрекетін класк-педагогика негізінде қарастыру ұсынылады. Класк-педагогика жеке ерекшеліктерді ескере отырып, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қолдайтын бағыт болып табылады.

Кіріспе. Қазіргі қоғамда бүкіл білім беру жүйесін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Онда мектепке дейінгі білім деңгейі ерекше орын алады. Мектепке дейінгі білім беру адамды ересек өмірге дайындайтын маңызды кезең болып табылады. Білім берудің осы деңгейінің негізгі міндеттері – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту және баланың дағдыларын қалыптастыру. Ол үшін болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін заман талабына сай дайындау қажет.

Қазіргі қазақстандық білім ғылыми және қоғамдық деңгейде кеңінен талқыланатын бірқатар шешілмеген мәселелерге ие. Алайда, әлемнің кез-келген елінде білім беру жүйесі жетістіктермен де, кемшіліктермен де сипатталады, оларды зерттеу педагогика теориясы мен практикасының даму перспективаларын кеңейтуге әсер етеді.

Салыстырмалы педагогика шеңберінде әлемнің әртүрлі елдерінің заманауи білім беру үрдістерінің динамикасымен танысу педагогикалық бағыттағы студенттерді кәсіби даярлауда негізгі қызметті орындайды және отандық білім беруді дамыту үшін шетелдік тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді. Бұл көбінесе нормативтік құжаттарды жақсы түсіну үшін және Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының ережелерін сауатты түсіндіруді үйрену үшін қажет.

Қойылған мәселенің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы білім берудегі құзыреттілікке бағытталған бағыт – «клакс – педагогикамен» (Klax-Pädagogik) байланысты еуропалық педагогикалық тәжірибені зерделеуге, сондай-ақ оның мазмұнын талдауға бағытталған зерттеу тақырыбын таңдауға алып келді.

Материалдар мен әдістер. Ұсынылып отырған зерттеудің әдіснамасын: болашақ мектепке дейінгі педагогтерді инновациялық іс-әрекетке даярлау теориясының негіздері; инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы шетелдік тәжірибелерді зерттеу, талдаудың тұжырымдық негіздері құрайды. Зерттеу әдістері: ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі болашақ мектепке дейінгі педагогтердің инновациялық іс-әрекетін даярлауға байланысты зерттеуші отандық, шетелдік және ресейлік педагог-ғалымдардың еңбектеріне теориялық тұрғыдан талдау жүргізу және зерттеу нәтижелеріне талдау жасау.

Нәтижелер мен талқылау. Педагогтің кәсіби қызметінің ең жоғары деңгейі – педагогикалық инновация. Инновация әдістемелік түрде оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде жаңа, алдыңғы қатарлы идеяларды, қағидаттар мен инновациялық технологияларды ұсынуды, іске асыруды және олардың сапасын едәуір арттыруды қамтиды. Инновациялық үрдістер білім беру жүйесінде жаңа сапа шығаруға мүмкіндік беретін тұрақты өзгерістерге әкеледі. Инновация – бұл дәстүрлі жағдайларға, әдістерге және тәсілдерге қанағаттанбайтын адамның интеллектуалды іс-әрекетінің нысаны. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, болашақ педагогті оқу әрекетіне жетелеп, оның оқуға деген ынтасын оятады.

Инновациялық іс-әрекет – бұл әрдайым мақсатты педагогикалық іс-әрекет, салыстыру арқылы өзінің педагогикалық тәжірибесін түсінуді кеңейтеді. Ол жоғары және сапалы нәтижелерге қол жеткізуге, белгілі бір жаңа білім алуға, жаңа педагогикалық тәжірибені енгізуге басымдық береді, педагогикалық инновацияларды жоспарлау мен іске асырудың шығармашылық үрдісін қамтиды. Инновациялық іс-әрекет – мұғалімнің шығармашылық әлеуетін көрсететін әлеуметтік-педагогикалық құбылыс.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу педагогтың инновациялық іс-әрекетіне байланысты мәселелер жан-жақты қарастырылғанын көруге мүмкіндік тудырып отыр. Болашақ мамандарды инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселелері Ш.Т. Таубаева [1], Г.Ж. Меңлібекова [2], К.Ж. Бұзаубақова [3], В.С. Лазарев [4] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Аталған авторлардың еңбектерінде инновациялық іс-әрекеттің құрылысы, мазмұны мен мәнін білім беру үдерісінде жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері арқылы көрсеткен.

Мысалы, Ш.Т.Таубаева педагогті инновациялық іс-әрекетке даярлаудың төмендегідей қадамдарын ұсынады:

- бірінші – педагогикалық үрдісті жүзеге асыруда кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге деген алғашқы қадамы жасалады;
- екінші – педагогикалық инновациялық білім беру технологияларының қыр-сырымен танысады;
- үшінші – инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру нәтижесінде инновациялық авторлық бағдарлама әзірлеуге қатысады;
- төртінші – кәсіби іс-әрекетке талдау жүргізу арқылы инновациялық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған қадам жасалады [1].

Инновациялық іс-әрекетке дайындық - бұл тұлғалық және белсенділік сипаттамаларына әсер ететін көп өлшемді және көп қырлы құбылыс. В.С.Лазарев инновациялық іс-әрекетке дайындықты болашақ педагогтің өзіндік педагогикалық іс-әрекетін және бүкіл мектеп ұжымының қызметін дамытуға, сондай-ақ оқушыларға білім берудің өзекті мәселелерін анықтауға, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға және жүзеге асыруға бағытталғандығын анықтайтын қасиеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды [4].

Болашақ педагогтердің инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру төмендегілерден көрінеді:

- педагогикалық қызметтің мотивтері мен диспозицияларын талдау қабілеті;
- педагогикалық нормативтерге сыни көзқарас;
- рефлексия және мағыналар жүйесін құру;
- қоршаған ортаға және кәсіби инновацияларға ашықтық;
- әлемге шығармашылық трансформациялық қатынас, нормативті берілгеннен тыс шығу;

- өзін-өзі жүзеге асыруға, кәсіби қызметте өзінің ниеті мен өмір салтын жүзеге асыруға ұмтылу;
- білім беру қызметі мазмұнының элементтерін субъективтендіру, оған жеке мағына беру.

Болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындығын мақсатты түрде қалыптастыру төмендегідей жағдайларды жасауды талап етеді:

- болашақ мұғалімдерді даярлау процесін жүзеге асыратын оқытушылардың инновациялық қызметіне қалыптасқан дайындықтың жоғары деңгейі;
- болашақ мұғалімдерді нақты тәжірибеге қосу арқылы инновациялық іс-әрекетке дайындықты қалыптастыруға бағытталған дайындықты ұйымдастырудың жеке (консультациялар, шығармашылық тапсырмалар), топтық (дәрістер, семинарлар) және ұжымдық (рөлдік ойындар, пікірталастар, тренингтер) түрлерін кезектестіру арқылы инновациялық білім беру;
- болашақ мұғалімдердің өз қызметін рефлексивті талдау әдістерін меңгеруі;
- білім беру процесінде контекстік, проективті білім беру жағдайларын жасау үшін ақпараттық технологияларды қолдану [5].

Педагогикалық мамандарды даярлау жүйесінде іс-әрекетке деген көзқарасты ескере отырып, тұлғаны дамыту ұстанымын жетекші нұсқаулық ретінде бөліп көрсету қажет, бұл білім беру ұйымдарының шығармашылық, инновациялық педагогикалық қызметке дайындығын ескере отырып, өз қызметтерін кәсіби түрде орындайтын бірегей мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық әрекеттің шығармашылық дамуының тәсілі; педагогтің инновациялық іс-әрекеті – білім беру үдерісін ұдайы жаңартып, қоғамдастықта жұмыс жасай алатын, оқытудың жана түрлері мен әдістерін құруға қабілеттілігі.

Инновациялық үрдісті сапалы жүзеге асыру үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындығы үлкен маңызға ие. Бұл үшін инновациялық іс-әрекетпен айналысу, инновациялық белсенділікті дамыту, маңызды, жаңа, назар аударуға тұрарлық нәрсе жасау арқылы педагог шығармашылық тұлға ретінде дамиды.

Болашақ педагогтердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы инновациялық іс-әрекетке дайындығы деп біз жеке және педагогикалық қасиеттердің белгілі бір жиынтығын (жоғары эмоционалды тұрақтылық, шығармашылыққа дайындық, ұйымшылдық, дербестік, педагогикалық оптимизм) және арнайы құзіреттіліктерді (жаңа білім беру технологияларын білу, балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің жаңа әдістері мен құралдарын меңгеру, жобаларды әзірлеу және басқару, білім беру үрдісін талдау және болжау және т.б.) түсінеміз. Инновациялық іс-әрекетке дайындықтың негізгі элементі оның мазмұны болып табылады. Инновациялық іс-әрекетке дайындық мазмұны мен үрдісінің ерекшелігі білімді игеру тәсілін, болашақ педагогтердің оқу іс-әрекетінің түрлерін, танымдық іс-әрекеттің түрін анықтайды.

Біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инновациялық іс-әрекетін білім беру мен тәрбиенің инновациялық түрі болып есептелетін Клакс-педагогикасы негізінде қарастырамыз. Ал, енді, бұл бағыттың келіп шығуына тоқталайық.

1979-1982 жылдары балабақшада тәрбиеші ретінде оқуды аяқтағаннан кейін Антье Бостельманн 1987 жылға дейін Берлин-Марзандағы балабақша меңгерушісінің орынбасары болып жұмыс істеді. Берлин-Вайсенци жоғары өнер мектебінде кешкі оқу оның тәуелсіз суретші ретіндегі қызметіне негіз болды. Осылайша ол Берлин-Панков мектептеріндегі жұмыс топтарында сурет сабақтарын басқарды. Берлин қабырғасы құлағаннан кейін Бостельманн көркемдік бағыты мен күндізгі қызметі бар жеке кескіндеме мектебін құруды мақсат етіп, 1990 жылы Клакс мектебін құрды. Қауымдастық бастапқыда балаларға кескіндеме, керамика және би сабақтарын ұсынды, бүгінде Клакс Германия мен Швециядағы бөбекжай, балабақшаларды, мектептерді, сондай-ақ оқу орындары мен біліктілікті арттыру мекемелерін басқаратын халықаралық білім беру мекемесі болып табылады.

Кескіндеме мектебінің құрылуымен бір уақытта Антье Бостельманн өзінің білім беру тұжырымдамасын әзірлеп, дамыта бастады. Қазіргі уақытта клакс-педагогикасы өз мекемелерінде де, басқа компаниялардың мекемелерінде де қолданылады. Монтессори педагогикасы немесе Реджио педагогикасы сияқты басқа реформаторлық педагогикалық тәсілдерден айырмашылығы, мұнда баланың делдалдыққа емес, оқу мазмұнын игеруіне баса назар аударылады. Клакс-педагогикасы жеке ерекшеліктерді ескере отырып, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қолдайды [6].

Аталған бағыттың атауының этимологиясына келетін болсақ, біз оның графикалық бейнесіне емес, сөздің дыбысына назар аудара отырып, оның неміс тілінен аудармасының екі нұсқасын ұсынамыз: 1) der Klaks – аз мөлшерде, тамшы; 2) ein klaks sein – бұл ұсақ-түйек болу.

Екінші мағынасына келетін болсақ, класк-педагогиканың негізін қалаушысының веб – сайтындағы бөлімдердің бірі «Gutes pädagogisches Material zu finden, ist nicht immer ein Klaks» деген сөйлеммен басталатындығы дәлелденді, бұл орыс тіліне аударғанда «Жақсы педагогикалық материал табу – бұл ештеңе емес» дегенді білдіреді [7].

Сонымен, 1990 жылы «Клакск» қоғамы (Klax eV) құрылды, оның атауы «Клакск» деп аталды – «түрлі-түсті тамшы, дақ» деген мағынаны білдіреді.

Бағытты жасаушы А. Бостельман және оның ізбасарлары педагогика сыныбын баладан немесе оқытылатын және қамқорлық қажет адамнан басталатын мазмұнды және әдістемелік тәсіл ретінде анықтайды. Ол әр баланы артықшылықтар мен кемшіліктер кешенінде қабылдау керек және оның жеке оқу қарқынына сәйкес дамуына ықпал ету керек деген сенімге негізделген.

Тұжырымдамалық тұрғыдан класк-педагогика – бұл тұлғаға, құзыреттілікке бағыт-талған педагогика. Ең алдымен, бұл бағыт жеке тұлғаның даму және оқу үрдісінде қалыптасуы қажет құзыреттіліктерін сипаттай отырып, үздіксіз оқу жоспарын қолдануды қамтиды. Атап айтқанда, бес негізгі құзыреттілік қалыптасады:

- 1) шығармашылық және мәселелерді шешу;
- 2) әлеуметтік құзырет;
- 3) білім алу және өзін-өзі ұйымдастыру;
- 4) төзімділік және ашықтық;
- 5) «мен» -құзыреті.

Класк-педагогикада «Мақсаттарға сәйкес оқыту» әдісі қолданылады, онда оқытудың тәртібі немесе ритмді бағынышты рөл атқарады, шешуші нәтиже болып табылады. Осылайша, білім берудің педагогикалық тұжырымдамасы, мемлекеттік мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің оқу жоспарлары мен білім беру нұсқаулары құзыреттілікке негізделген. Педагогикалық іс-әрекеттің негізінде портфолиомен жұмыс жүзеге асырылады. Білім беру саласындағы мамандар жеке портфолиоға баланың даму деңгейін көрсетеді. Бұл жеке білім беру жоспарлары мен мақсаттары үшін бастапқы нүкте ретінде қызмет етеді, олар үнемі қайта құрылады. Сонымен қатар, портфолиоға балалардың оқудағы жетістіктері енгізіледі. Оқыту мақсаттарына, басқалармен қатар, тілді үйрену және оны дамыту, ойын, эмоционалды және психологиялық даму, жыныстық тәрбие, жол қозғалысы ережелерін үйрету және медиасуаттылық жатады.

Класк-педагогиканың төрт қағидасы Класк-педагогикада бірыңғай педагогикалық тәсілдің негізін құрайды. Онда әрбір білім беру маманы балаларға өзінше жақын болғанын қалайды. Бұл кез-келген педагогикалық жағдайда белгілі бір рөл атқаратын қағидаларға байланысты болады. Олар: әрқашан білім алушы тұлғаға, әлеуметтік қауымдастыққа, құрылған ортаға және шынайы ересек тұлғаға қатысты. Класк-педагогика жұмысының мақсаты: басты назарда – жауапкершілікке қабілетті тұлға. Бұл ұғымдардың артында тәрбиешілерді ойлауға ынталандыратын, тәуелсіз шешім қабылдауға және жауапкершілікке мүмкіндік беретін іс-әрекетке арналған ұсыныстар жатыр.

Барлық педагогикалық мәселелерді осы төрт қағидаға сәйкес жіктеуге болады. Олар мағынасы жағынан эквивалентті, бірақ әр жағдайда белгілі бір рөл атқармайды. Класк-педагогикада төрт қағиданың байланысы өте маңызды болып есептеледі, себебі, ешқандай білім алушы әлеуметтік қауымдастықсыз, ойластырылған ортасыз және нақты ересектерсіз жауапкершілікті өз мойнына ала алмайтынына сенімді болады деп айтылады. Ал, енді, Антье Бостельманн жіктеп көрсеткен төрт қағидаға тоқталайық:

1. Жеке оқыту жолдары: ынта-шығармашылық-қиындық.

Бұл қағида бойынша әркім өзінше оқиды. Бұл талапты ешкім жоққа шығармайды, бірақ тәрбиешілердің көпшілігіне өздеріне сеніп тапсырылған балалардың білімге өз жолдарымен келуіне мүмкіндік беру қиынға соғады. Әр адамға жеке оқу мүмкіндіктерін беру, оларды тану және құрметтеу – үлкен міндет болып саналады.

Ынта – оқытудың тиімді құралы. Балаларды ызықтыратын тақырыптар оңай, түсінікті болады. Сондықтан оқыту құмарлықты қажет етеді. Алынған білім адамның күнделікті өміріне мағыналы түрде сәйкес келуі және оның өмірлік жағдайына байланысты болуы керек. Мұнда тәрбиешілерге оқу жағдайларын әзірлеуде ынталы болатын сәттерге ерекше назар аударуды ұсынады. Балалардың қызығушылықтарын жақсы білу және оған жаңа тапсырма қосу үшін оқудың қандай қадамын жасағанын білу маңызды. Біліммен бөліскісі келетін кез келген тәрбиеші оны балаларға жеткізе алатындай етіп осы тақырыпқа ынталы болуы керек.

Шығармашылық – бұл оқуға арналған ойлау. Бұл көңілді және бір нәрсені байқап көруге, бір нәрсенің қалай жұмыс істейтіні туралы тезистерді шығаруға, шешім табылғанға дейін ойлануға деген ұмтылысты оятады. Бір нәрсені білгісі келетін кез келген адам күш салады және жауап тапқанша уақытқа назар аударуды ұмытады. Шығармашыл болу – шешім табу және ойлап табу. Бұған білім негізінде қол жеткізіледі. Шығармашылық білімді қажет етеді және білімге әкеледі.

Оқу дегеніміз – күш салу, қиындықтарды қабылдау және оларды игеру. Қиындыққа тап болған кезкелген адам табандылық пен батылдықты қажет етеді.

2. Әлеуметтік қауымдастық: қатысу – құрмет-ережелер.

Класс-педагогикасы жеке адам тек әлеуметтік қоғамдастықта жетістікке жете алады деп болжайды, ал керісінше, әлеуметтік қоғамдастық адамның іс-әрекетке деген ұмтылысы мен қабілеттеріне байланысты. Екі тарап та қажет: қоғамдастыққа үлес қосатын, оған қатысатын және оған қамқорлық жасайтын адам және жеке адамды құрметтейтін, оның күшті және әлсіз жақтарын мойындайтын және онымен үнемі қарым-қатынаста болатын топ.

Бір-біріне құрметпен қарау және өз білімін, тәжірибесін және құзыреттіліктерін бір-бірімен бөлісуге дайын болу арқылы табысты әлеуметтік қауымдастық құрылады. Әлеуметтік қауымдастық мекемеде бірге тұратын және бірге жұмыс істейтін барлық адамдарды қамтиды. Класс-педагогикада әлеуметтік қауымдастыққа мектептер мен балабақшаларда білім алушы отбасылар кіреді.

Сыйластық әлеуметтік қауымдастық үшін тең дәрежеде жүзеге асырылған кезде пайдалы болады. Сыйластық қайтымды. Бұл оның өзара қарым-қатынасқа негізделгенін білдіреді. Топта бір-бірімен сыйластықпен қарым-қатынас жасауды үйрену керек және оны қайта-қайта талап ету керек деп тұжырымдайды.

Қоғамдастыққа кіретін барлық адамдардың қатысуымен әлеуметтік қоғамдастықтың жұмыс істеуі мен өмір сүруінің негізгі шартын көруге болады. Әркім өз үлесін қосып, қоғамдастық құруға көмектесетін орынды табады. Егер бәрі қатысса, бір-бірін жақсы біліп және бір-бірімен байланыста болады. Осылайша, сенімдер мен өмір салты дискурсивті бірлікте дамиды. Ересектердің міндеті – балалардың жасын ескеру, олардың мүдделерін қорғау және оларды шекараны белгілеуге де, құрметтеуге де үйрету.

Ережелер болмаса, әлеуметтік қауымдастық табысқа және өз мақсаттарына жете алмайды. Қауымдастық ережелерін міндетті түрде сақтану қажет екендігі айтылады. Ережелерді білетін және оларды орындай алатын адам өзін қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде сезінеді. Дегенмен, ережелер тым көптігі, қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келмейтін ережелердің де бар екендігі туралы айтылады. Сондықтан ережелер белгілі бір мақсатқа қызмет ететіндей етіп тұжырымдалуы керек деп айтылады. Бұл мақсаттар өзгеруі мүмкін, сондықтан ережелерді мезгіл-мезгіл қайта қарау және түзету қажет. Ережелерді бірлесіп орнатқан және орындаған кез келген адам бұл күш-жігерден бас тартқан адамға қарағанда үйлесімді қатар өмір сүруден жиі ләззат алады.

3. Жобаланған орта: сезім-ынталандыру-қауіпсіздік.

Кеңістік пен материалдар балалардың оқу іс-әрекетіне, сондай-ақ білім алушы отбасының ересек мүшелеріне пайдалы болуы тиіс. Осы қағиданы ескеретін бөлменің дизайны терең білім, тәжірибе және жиі бақылаулар негізінде жасалуы керек. Бұл бөлмеде тұратын адамдар немесе оларға қойылатын талаптар өзгерсе, үй-жайларды ауыстыру кезінде икемділікті қажет етеді.

Жеке оқыту тәсілдерін ілгерілетудің бір жолы ретінде – қызығушылықты, тәртіп сезімін тудыратын немесе назар аударатын материалдарды ұсынады. Балаға оқу орындарының оқу ортасына ену қызықты болуы керек. Бөбекжай, балабақшалар мен мектептер қалдыратын алғашқы және ұмытылмас әсер жақсы ойластырылған құрылыммен, ақылға қонымды тәртіппен және эстетикалық сезіммен анықталады. Бөлмелер әлеуметтік қауымдастыққа тіршілік ету ортасы ретінде қызмет етеді, оны екінші үй деп те айтуға болады. Үй-жайларды жиһаздау және жоспарлау педагогикалық мақсатқа сәйкес материалдарды мазмұнды және ынталандырушы түрде ұсынуға мүмкіндік беретін келісілген базалық құрылымды құрайды. Берілген материалдың өз орны болуы керек және өзекті білім беру тақырыбына сәйкес таңдалады.

Класс-педагогикада қауіпсіздік үнемі бақылау мәселесі емес екендігі туралы айтылады. Қауіпсіздікті қолайлы орта және қауіпсіз мінез-құлықты үйрену мүмкіндігі қамтамасыз етеді. Бірақ қауіпсіздік сонымен қатар күнделікті және таныс құрылымдардан туындайды. Бұл сенімді жоспарлауды, сондай-ақ әрқашан бірдей жолмен қайталанатын күн тәртібін қамтиды. Қауіпсіздік ересек адамның сенімді болуымен және онымен қарым-қатынастың сенімділігімен қамтамасыз етіледі. Әрине,

«қауіпсіздік» ұғымы қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды сақтауды да қамтиды.

4. Шынайы ересек: ілеспе-табысқа сенімді – рефлексия.

Бөбекжайлар, балабақшалар және мектептер өз жұмысын жауапкершіліктің айқын сезімімен орындайтын, балалардың дамуы туралы ерекше білімі бар ақылды ересектерді қажет етеді.

Шынайы адамдар сыртқы әсерге емес, олардың жеке басына сүйене отырып әрекет етеді. Олар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын біледі. Олар сынға төтеп бере алады және өз әрекеттерінің салдарын біле алады. Олар өздерінің құндылықтарына сәйкес әрекет етеді. Олар өздерінің әлсіз жақтары мен қателіктерін шын жүректен түзетеді.

Кез келген педагогикалық жағдайда тәрбиешілердің балаларға деген көзқарасын көрсетуі маңызды. Әр баланың өз жолымен сәтті оқи алатындығына тәрбиеші өзін сендіруі керек. Содан кейін әр баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес қолдау жолдары мен құралдарын таба алады. Тәрбиешілер білім беру қарым-қатынасына, балабақшада немесе мектепте бірге өмір сүруге немесе ата-аналардың ынтымақтастығына қатысты табысқа сенуі керек. Кейбір жағдайлар күнделікті және үмітсіз болып көрінсе де, істі алға жылжытатын немесе оны жақсартатын шешімдердің әрқашан табылатындығы турады айтылады.

Рефлексия қабілеті әсіресе басқа адамдармен жұмыс істейтін адамдар үшін маңызды. Балаларға өз қабілеттеріне сенімді, өздерін оқушы ретінде түсінетін және өз кәсібімен табандылықпен айналысатын тәрбиешілер қажет. Тәрбиешілер өздеріне сеніп тапсырылған балаларға үлгі екенін түсінеді және құндылықтарды мінез-құлқымен жеткізеді. Олар өздерінің жеке басын көрсететін және өздерінің күшті жақтары мен қиындықтарымен қалай сәтті күресуге болатынын көрсететін ересектер. «Олар күшті және сонымен бірге, қарапайым». Олар ересектердің өмірлік тәжірибесі мен білімі бойынша балалардан озып кететіндігіне жауапкершілікпен қарайды. Ақыр соңында, бұл білім ескірген немесе маңызды емес болып шығуы мүмкін, ал келесі ұрпаққа жаңа білім құру міндеті жүктеледі, – дейді Антье Бостельманн өз зерттеулерінде [8].

Қорытынды. Болашақ мұғалімдерді инновациялық қызметке дайындау жаңа білімді берумен ғана емес, білім берудегі инновациялық үрдісі сәттілігі үшін қажетті құндылықтар мен қасиеттердің жаңа жүйелерін алумен де байланысты. Сонымен қатар, инновациялық іс-әрекетке даярлаудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын жеке тұлға қалыптастыру. Білім беруде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру арқылы өз мамандығына деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға жол ашылады.

Класс-педагогика балаларды өз жолында сүйемелдеу және әлеуметтік құзыретті, жауапты және шығармашылық тұлғаларды қолдау мақсатын көздейді. Бұл әрдайым балалардың жеке дамуы мен оқу кезеңдеріне және жас топтарының нақты қажеттіліктеріне бағытталған тиісті әдістер мен құралдарды, сыналған ұйымдастырушылық формаларды және жеке жұмыс үрдістерін қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т. *Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық мәдениеті: стратегиялар, парадигмалар, құзыреттер* // «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау: құзыреттілік, технология және инновация» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар жинағы. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019. – Б. 3-16.

2. Менлибекова Г.Ж. *К вопросу о формировании социальной компетентности будущих учителей* // Вестник АГУ им. Абая - 2001. - №5. - С.19-33.

3. Бұзаубақова К.Ж. *Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009. – 395 б.*

4. Лазарев В.С. *Управление инновациями в школе. – М.: Центр педагогического образования, 2008.*

5. Трапицын С.Ю. *Формирование готовности будущих педагогов к инновационной деятельности* // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». №2 (42). 2014.

6. *Drei Thesen zum Einsatz digitaler Medien in der «Kita der Zukunft» [Электронды ресурс] // Antje Bostelmann. URL: <https://www.antje-bostelmann.de/> (дата обращения: 18.11.2023).*

7. Карбина О.П. *Класс-педагогика и основные принципы дошкольного образования (ФГОС ДО)* // *Общество: социология, психология, педагогика*. 2022. № 11. С. 137–141.

8. *Klax-Pädagogik [Электронды ресурс] // Marjorie-Wiki. URL: <https://marjorie-wiki.de/wiki/KLAX-P%C3%A4dagogik> (дата обращения: 16.11.2023).*

References:

1. Taubaeva Sh.T. *Zhogary mektep oqytushysynyn innovational medicine: strategylar, paradigmalar, kuzyretter* // “*Bilim take masmunyn zhanartu zhagdayynda pedagogikalyk cadres kassibi dayarlau: kuzyrettilik, technology zhane innovation I*” atty respublikalyk gylymi-adistemelik konferentsion materialdar zhinaga. – Atyrau: H. Dosmuhamedov atyndagy Atyrau memlekettic university, 2019. – B. 3-16.

2. Menlibekova G.ZH. *K voprosu o formirovni social'noj kompetentnosti budushchih uchitelej* // *Vestnik AGU im. Abaya – 2001. – №5. – С.19-33.*

3. Buzaubakova K.Zh. *Many innovations are in place: ped. Gyl. doc. ...dis. – Almaty, 2009. – 395 b.*

4. Lazarev V.S. *Upravlenie innovatsiyami v shkole. – M.: Centr pedagogicheskogo obrazovaniya, 2008.*

5. Trapicyn S.YU. *Formirovanie gotovnosti budushchih pedagogov k innovatsionnoj deyatelnosti* // *Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskie nauki». №2 (42). 2014.*

6. *Drei Thesen zum Einsatz digitaler Medien in der «Kita der Zukunft» [Elektronny resurs] // Antje Bostelmann. URL: <https://www.antje-bostelmann.de/> (data obrashcheniya: 18.11.2023).*

7. Карбина О.П. *Класс-педагогика I osnovnye principy doskol'nogo obrazovaniya (FGOS DO)* // *Obshchestvo: sociologiya, psihologiya, pedagogika*. 2022. № 11. S. 137–141.

8. *Klax-Pädagogik [Elektronny resurs] // Marjorie-Wiki. URL: <https://marjorie-wiki.de/wiki/KLAX-P%C3%A4dagogik> (data obrashcheniya: 16.11.2023).*

FTAHP 14.35.01.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.019>

Б.Б. Атабекова,^{1*} А.С. Косшыгулова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУДА ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Білім беру қоғамның экономикалық дамуының негізі, әлеуметтік тұрақтылықтың факторларының бірі, халықтың рухани-адамгершілік әлеуетінің және интеллектуалдық өсуінің қайнар көзі ретінде барлық уақыттарда таптырмас құндылық болып есептеліп келеді. Ал қазіргідей адам капиталын қалыптастыру мен дамыту мәселесін шешу негізгі міндет ретінде қарастырылатын заманда халықтың білімдік қажеттіліктері өсіп, жоғары, орта арнаулы, кәсіби қосымша білім алуға үміткерлер саны арта түсуде. Бұған жауап ретінде білім беру ұйымдарының салалануы артып, әртүрлі типтегі оқу орындарының саны артуда, білім берудің инфрақұрылымы, басқару формалары, әдістемелік, ғылыми қызмет түрлері дамуда. Оларды білім алушылардың жеке сұраныстары мен мүмкіндіктеріне бағыттау күшейтілуде. Осыған орай білімнің сапасына қойылатын талаптар артып, бұл саланың әлеуметпен өзара әрекеттестігіне негізделген құрылымдық – қызметтік дамуының көкейтестілігі артуда.

Мақалада «серіктестік», «әлеуметтік серіктестік», «білімдегі әлеуметтік серіктестік» ұғымдарының мәні ашылып, олардың қалыптасу және даму үрдісіне шолу жасалады, жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлауда әлеуметтік серіктестердің әлеуетін пайдалануда басшылыққа алынатын ұстанымдар мен тиімді жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: серіктестік, әлеуметтік серіктестік, білімдегі әлеуметтік серіктестік, бірлескен әрекет ұстанымдары, әлеуметтік серіктестік әлеуеті.